

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

*А.Қ. ҚАЙЫРБЕКОВА¹ 

С.У. ТАКИРОВ² 

К.А. ТОЛЕУБАЕВА³ 

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: aida_k96@mail.ru¹, sarzhan68@mail.ru², k.toleubaeva@mail.ru³)

М. МАҒАУИН ПРОЗАСЫНЫҢ ТАНАТОПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақала көркем танатологияның маңызды бөлімі танатопоэтиканы зерттеуге бағытталған және терминнің әлем әдебиетіндегі рөлі, қазақ әдебиетіне ену тенденциясы қарастырылады. Сонымен қатар, экзистенциализм, танатологиялық мотив деген түсініктерге баса назар аударылады. Танатологияны зерттеуге өз үлесін қосқан ғалымдардың (А.Ханзен-Леве, Р.Л.Красильников, М.Бахтин, Г.Балтабаева және т.б.) еңбектеріне шолу жасай отырып, қазақ әдебиетіндегі өлім тақырыбының өзектілігі дәлелденеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – Мұхтар Мағауиннің прозасындағы танатологияның көркемдік рөлін зерттеу және сипаттау, шығармаларындағы өлім категориясының қолданыс аясын саралау. Мақаланың негізгі объектісі ретінде алынған жазушы шығармаларындағы танатологиялық мотивтер көркем мәтіннің идеялық-тақырыптық, бейнелеу құралы деңгейінде ғана қарастырылмайды, сюжетті құрушы элемент ретіндегі қызметі зерттеледі, хронотоп терминімен байланысы мен шығармалардағы нарративті ерекшеліктер анықталады. Сонымен қатар, мақалада жазушы шығармаларына арқау болған мифтік сюжеттер мен архетиптерге де шолу жасалынады, мифологиялық образдардың шығармадағы орнына, жазушы шығармаларындағы танатопоэтикасына терең анализ жасалады.

Сондай-ақ, мақалада М.Мағауиннің қазіргі қазақстандық проза шекараларын кеңейтуге қосқан үлесі зерделенеді.

Түйін сөздер: өлім, танатология, танатопоэтика, хронотоп, экзистенциализм, сюжет, нарратив, архетип.

Кіріспе. Әрбір адам үшін өлім белгісіздік, өмірдің тәтті шақтарынан, жақындарынан айыратын зұлымдық бейнесі ретінде елестейді, ол бар жерде адам бойын үрей, қорқыныш сезімдері билейді. Өліммен байланысты символдарды ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінен, діни кітаптардан, қазіргі шығармалар мен өлеңдерден көптеп кездестіруге болады. Жалпы өлім шығарманың сюжеті, кейіпкерлер желісі мен тақырыбы, автордың мақсатына байланысты жақсылықтың жамандықты жеңуі (немесе керісінше), үміттің үзілуі, мына өмірдің жалғандығын еске салу, күйреу, әділдіктің орнауы сияқты рөлдерді атқарады.

Қазіргі кезде өлім тақырыбы көркем әдебиеттің негізгі объектілерінің бірі екені сөзсіз. Өлімге қатысты «танатос», «танатология», «танатография», «танатопоэтика» сынды бірқатар терминдер орыс әдебиеттану ғылымында қолданысқа ие. Осының ішіндегі ХХ ғасырдың екінші жартысында гуманитарлық ғылымдардың назарына ие болған «танатология» терминін қазақ ғалымдары ішінде Г.Балтабаева өз зерттеу еңбегінде қарастырып, танатологиялық сарынға [1] шолу жасап өтеді. Ал біздің тоқталатынымыз, «танатопоэтика». 1993 жылы әдебиеттанушы ғалым А.Ханзен-Лёве Мандельштамның

поэзиясын талдай отырып, оның танатопоэтикасы жайлы сөз қозғайды. Ғалым өлімнің көркем әдебиетте бейнелеуін «танатопоэтика» [2, 121] деп атап кеткен. Содан бері А.Ханзен-Лёве бұл терминді ойлап тапқан ғалым ретінде саналады.

Танатопоэтика – шетелдік әдебиеттанушылардың назарындағы негізгі салалардың бірі, алайда қазақ әдебиетінде зерттеле қоймаған, қазіргі кезде ол әдеби талдаудан анағұрлым алда тұр. Ол танатологиямен (өлім туралы ғылым), философиямен, психологиямен, тарихпен, антропологиямен тығыз байланысты.

Белгілі зерттеуші, танатология жайлы бірқатар еңбектердің авторы Р.Л. Красильников танатопоэтиканың бірегей анықтамасын ұсынады, бұл саланы өлімді көркем бейнелеу тәсілдерін талдауға бағытталған пәнаралық зерттеу амалы ретінде қарастырғанымыз жөн деген ойды ұстанады. Бұл жай ғана өлімді сипаттау емес, әдеби шығарманың барлық аспектілеріне «өлім» тақырыбының семантикасын, құрылымын және әсерін терең талдау [3, 120]. Красильников терминнің екі жақты сипатына назар аударады: бір жағынан, танатопоэтика өзі «пән» болса, ал екінші жағынан – бұл зерттеудің «объектісі» – әдебиеттегі өлімді көркемдік бейнелеудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Бұл – стилистикалық әдістерді, композициялық шешімдерді, өлімді тек тақырыпқа ғана емес, толыққанды көркемдік құралға айналдыратын барлық элементтерді талдауға бағытталған жиынтық сала.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсат, міндеті – танатопоэтика терминінің мәніне үңілу, Мұхтар Мағауин шығармаларындағы танатологияның орны мен рөлін, сюжеттің құрылымына әсерін саралау. Әрине М.Мағауин шығармаларын толық талдау мүмкін емес, алайда танатологиялық сарын басым келетін туындыларының қыр-сыры анықталады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада әдеби мәтіндегі өлім категориясы хронотопты (баяндаудың кеңістіктік-уақыттық координаттарын) анықтай алатыны, баяндауға әсер етені (оқиғаларды баяндаудың реттілігі мен тәсілі), сюжеттік құрылымды және тұтастай алғанда шығарманың композициялық құрылымын өзгерте алатыны дәлелденеді, жаһандық әдебиеттану ғылымындағы зерттеу парадигмаларына сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі танатологиялық мотивтердің пайда болуы мен танатопоэтиканың термин ретінде қалыптасуы қарастырылады.

Зерттеудің нысаны ретінде қазіргі қазақ прозасының алдаспаны, тарихшы, әрі филолог Мұхтар Мағауиннің туындылары алынды, шығармаларындағы өлім категориясының қолданысы мен көркем сюжетке әсеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, «танатопоэтика» терминіне жан-жақты анықтама беру мақсатында салыстырмалы-тарихи, интертекстуалдық, герменевтикалық, гипотезалық, анализ және синтез сияқты әдістер қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Ең алдымен, М. Мағауиннің танатопоэтикасын талдау өзекті мәселе деп ойлаймыз, біріншіден, жазушы шығармашылығындағы өлім тақырыбы зерттеле қоймаған, екіншіден М. Мағауин шығармаларының сюжеті шытырман оқиғаларға толы және әр шығармадағы өлім түрлері қайталанбайды. Сонымен қатар, жазушының шығармалары қазіргі көркем мәтіндегі өлімнің философиялық, мифологиялық және әдеби интерпретациясын кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Психоаналитик К. Юнг өз зерттеу еңбегінде өлгеннен кейін адамның жаны бірнеше бөлшектерге бөлінеді және ол бөлшек мына әлемде қалып қоюы да ғажап емес, өйткені адамның санасы салыстырмалы түрде әр түрлі кеңістік пен уақытта өмір сүруі мүмкін екендігін айта отырып, мәңгілік өмірдің болуы мүмкін деген гипотезаны жоққа шығармайды [4, 456]. Юнгтің бұл теориясын М. Мағауиннің «Өлі мен тірі» туындысы дәлелдей тұрғандай, мұнда «мына әлем» мен «ана әлемнің» шекарасы бұзылады, жанның мәңгілік екендігі ашық айтылады, шығарма желісі бойынша Алладан сұрап, 40-қа келгенде қол жеткізген «үміт сәулесі» ұлдары Айсынның ажал құшуы, сол жалғыз перзентінің өлімінен кейін қайғыдан қан жұтқан Айбол мен Сындыбаланың сынық күйі бейнеленсе, ата-анасының амалсыздан, ата-анасының өлермен халін «көрген» аруақтың өлілер әлемінен оралуы бейнебір мифтік элементке ұқсайды. Сонымен қатар, «сиқыр», «басқа әлем»

сияқты сөздерден тәңіршілдіктің ұшқындары байқалады. Мәселен мына үзіндіні алайық: «– Көке, апа... Сендер мені өлді деп білдіңдер. Енді тірі қалпыма сенер-сенбес жағдайда тұрсыңдар. Мен өлгем. Әрі тірімін. Мен – тән емес, жан! Мен – мәңгі жасар аруақ...– Жоқ! – деді екеуі қатарынан. – Сен – барсың. Аман-есен, тірісің. Әлдебір сиқырлы өлкеде жүрсің. ... Біз кетейік. Ауыс, айырбас мүмкін бе?» [5]. Бұл туындыда М.Мағауин «жан» мәңгілік, «тән» уақытша құбылыс екенін айта отырып, қазақ халқының танымындағы «аруақ» ешқайда кетпейтінін, бізді қорғап-қолдап жүретінін шығарманың негізгі идеясы ретінде ұсынып тұрғандай. Сонымен қатар, Айсынның өлімі арқылы баласынан ерте айырылған, өткенмен, естелікпен өмір сүретін ата-ананың психологиялық жай-күйін көрсетсе, «өлген» адамды жұмысқа алған досының ар-ұятының тынышталуы сияқты оқиғалар арқылы жазушы оқырманға мына өмірдің жалғандығы, ажалдың тосыннан келетінін, адалдықтың маңызды екенін жеткізгісі келген.

Бұған дейін адамзаттың әлемді, мына өмірді тануда ежелден қалыптасқан мифтік ойлаудың (арғы өмір, реинкарнация) орны ерекше болғандығы көпке мәлім. Ю. Лотман «Семиотика» атты еңбегінде циклдік, сызықтық жүйелердегі өлім түсінігінің әртүрлі болғандығын, бірі «Құдай» образына қайтып келу болса, бірі өз қалпында қайта туылу сияқты сенімдерді қамтитынын ашып көрсетеді [6, 139]. Сондай құбылысты М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» туындысынан байқаймыз, басты кейіпкердің хикаятындағы өлім шекарасының бұзылуы, Саржанның осы әлемнің, осы ғасырдың адамы емес екенін сезінуі, уақытша тән емес, мәңгілік аруаққа, мүсінге айналуы, қазіргі тарих беттерінен мүлдем өшуі, адамдар санасында көмескіленіп, мәңгілік ұмытылуы – мифтік сюжеттің элементтері.

«Осы Саржан екеуіміздің қайсымыз шеңберден шығып барамыз? Ол ма, мен бе? Бәлкім, Саржан деген бұл дүниеде жоқ, осының бәрі менің қиялым шығар; Ендеше... осының бәрі – екеуіміз бірігіп жазбақ әлдебір қияли шығарманың алды-арты бүтінделмеген шалағай сұлбасы. Жоқ, Саржанның емес, менің басымды шырмаған хикая. Саржан тек қосымша дерек беруші ғана. Немесе зерттеу, таным жандығы», [7, 30] - деген шығармадағы мына үзінді арқылы шығармада болатын мистикалық сюжет пен абсурдтық элементтердің орын алатынын алдын-ала айтып тұрғандай және мұнда жазушы үш бірдей қызметті атқарғанын көреміз, яғни автор-нарратор-кейіпкер, яғни автор кейде эксплицитті, кейде имплицитті нарратордың рөлін атқарып тұрғанын дәлелдейді. Бұндағы Саржан да бірде кейіпкер, бірде нарратор, сондай-ақ, автор кейіпкерді сөйлету арқылы өз ойын көпшілікке жеткізеді.

«-Кететін болдық, – деді Саржан. Мүсінді жасап бітем, содан соң екеуіміз баяғы заманымызға қайтадан көшеміз. Тура 1173 жылға. Айсұлу нақтылап айтты, мен бүгінгі мағлұм тарих бойынша тағы тексердім мың емес, сегіз жүз жыл бұрын екен. Айсұлу – он жетіде, мен – жиырмадамын. Жаңа ғана қосылғанбыз. Бүгінгі кезімізге, яғни мүсін әуелгі мүсін жасалған жылға дейін ғұмыр кешеміз. Содан соң екеуіміз де өлеміз. Былайша, сырттай, қарағанда. Ал шын мәнісінде 1787 жылға дейін, біржола шағылып қалғанша, қартаймай, қам қайғысыз, қосағымызбен, тағы да алты ғасыр ғұмыр кешеміз. Содан соң, бәлкім бүгінгі күн. Біздің мәңгілік ғұмырымыздың үшінші айналымы... Яғни, көлденең көзге ақиқат көрінетін өлімнің ешқандай қорқынышы жоқ» [7, 36]. Бұл үзіндіден жазушының өлімді қалыпты құбылыс ретінде қабылдайтынын көре аламыз, егер де өлу арқылы мәңгілік ғұмырға қол жеткізу жолында ажал құшу керек болса, кейіпкері де сөзсіз өлуге дайын. Бұл шығармада фантастикалық хронотоп кездеседі, өйткені кейіпкер XI ғасырдағы Қыпшақ даласынан осы заманға саяхаттайды. Шығарманы оқи отырып, түрлі ғажайыптарға тап боласыз және жазушының тарих жайлы терең біліміне таң қаласыз. Бұл туынды арқылы өлімнің қорқынышты, тосыннан келетін жағымсыз құбылыс емес, бір жақсылықтың басы, мәңгілік өмірдің кілті екенін сезінеміз.

Сонымен қатар, ғалым Ю. Лотман өлімге діни көзқарастан тыс призмада қарауға шақырады, ол табиғи және адамның еркінен тыс құбылыс екенін дәлелдейді. Өлім сөзсіз жүзеге асатыны, оның кәрілік пен ауру сияқты түсініктермен байланысын еске сақтай отырып, оған бейтарап баға беруіміз керек екендігін сөзге тиек етеді [6, 140]. Расымен, өлім

қаншалықты үрей туғызса да, табиғи құбылыс екені шындық, өмірде бір ақиқат бар болса, ол – өлім. Сонда да кей кезде адам жақынының өлімін қабылдай алмай, қатты күйзеліске түседі, уайым мен қайғы өзегіне құрт болып түседі де, ауруға айналады. Жазушы мұндай күйді өзінің «Елес» атты туындысының негізгі идеясы ретінде алады. Мұнда да «аруақ», «елес» деген құбылыстар сөз болады. Шығармадағы Бағила өз қызының өлімінен кейін мына өмірдің ащы шындығынан арылу үшін сананың шекарасынан өтіп, өз қиял әлемін құрады. Ол параллельді әлемде өмір сүріп жатқандай, Бағиланың өмірі Балжанның өліміне дейін және кейін деп екіге жарылды, бұл жазушы Д.Тарттың «Щегол» атты туындысындағы кейіпкердің ішкі жалғыздығына, яғни мына үзіндідегі кейіпкердің ішкі монологына қатты ұқсас: «Ее смерть стала разделительной чертой: До и После. Спустя столько лет, конечно, это звучит как-то совсем мрачно, но так, как она, меня больше никто не любил» [8, 12]. Тео өзінің анасының өлімінен кейін қатты күйзеліске түсіп, нашақорлыққа салынса, М. Мағауиннің кейіпкері өз қызын қатты жақсы көргендіктен оны өлді деп санаудан қалады. Бағила өзінің өтірігіне көрші әйелді сендіреді, сол «жалған-шындықты» жазушы естіп, әбден сенуге айналады. Тіпті жерлеуге бара жатқанда Балжанның есейген «елесін» көреді, автор қызы жалғыз анасын ақтық сапарға шығарып салуға келіп тұр деп ойлайды. Бұл иллюзия екенін өзі де сезбей қалады. Бірақ шындықтың беті ашылады, қызы ажал құшқан, анасы есінен адасқан, әбден психозфренияның ушыққан түрімен ауырған. Бірақ жазушы өз көзімен елесті көрді ғой:

«Қиялдың шындыққа айналатыны бар. Заттанады. Өзіндік сыпатқа ие болып, тіршілік шеруіне ұласады. Негізі бар қиял. ... Бәлкім, құрғақ қиял, құрғақ та болса қуатты қиялдан күш алған буалдыр елес отыз жыл бойы Бағиламен бірге жасаған шығар. Өзін қайта туғызған анасымен бірге жасаған елес... сол анасы жер қойнына кірер мезетте неге бір сәт қабір басында тұрмасқа...

Бәлкім, елес емес, аруақ шығар? Онда, үш-төрт жасар сәби болуы керек қой. Әлде, аруақтың да өзінше ғұмыр кешуі бар ма. ... Аруақ емес, елес. Нақты, жанды елес. Бәлкім, елес те емес.

Бірақ өз көзіммен көрдім ғой. Нақты. Демек, расында да... Кесіп айту қиын. Бәрі де мүмкін, бәрі де ықтимал» [9, 79]. Бұндағы аруақтың өзінше күн кешуі туралы абсурдтық көзқарастың дәлелін Ш.Лансен атты ғалымның «Выделение человеком астрального призрака по собственной воле» деп аталатын зерттеу мақаласынан кездестіреміз, онда әр түрлі елдердегі адам жанының екіге жарылып өмір сүретіндігін тілге тиек етеді.

Сонымен қатар, бұл туындысында автор нарратор ретінде көрініс табады, ол оқиғаны өз ой елегінен өткізіп, өзі сырттан келген кейіпкердің рөлін сомдайды. Бұл ғалым Женеттің зерттеуіне сүйенсек, «ішкі фокализацияға» [10] сәйкес келеді, яғни автор артық ақпарат айтпайды, тіпті, шығарманың шешімінде өзі де басқа кейіпкерлер сияқты тосын оқиғаға таң қалады, бұл жазушының үлкен шеберлігін көрсетеді.

Өлім жүрген жерде тағдыр категориясы да қарастырылуы керек, бұл екеуі бір-бірімен өзара байланысты құбылыстар. Тағдыр мен өлім түсініктері адамзаттың болмысына, экзистенциясына әртүрлі әсер етеді, кейде, тіпті, қарама-қарсы рөлдерді атқарады. Мәселен, М. Мағауиннің «Ақыр-дүние» аты триптихында, аты айтып тұрғандай, үш түрлі оқиға қамтылған, біріншісі Ғ. Мүсіреповтің өлім сәті және онымен қоштасу болса, екіншісі І.Есенберлиннің жерлеуі мен жазушының түсіне кіруін баяндаса, үшіншісі – А. Ахматованың зират басындағы оқиға. Бірінші әңгімеде Ғ. Мүсіреповтың ауыр халі, кеудесінен кернеген өксік, өмірдің соңғы минуттарын жалғыз өткізуі сияқты нағыз танатологиялық жай-күйі сипатталады. Шығармадағы мына үзіндіге назар аударсақ, «енді үңіле қарасам, мүлде үнсіз, көгере сұрланып кеткен, тіпті, дем алысы да тоқтап қалған сияқты. ... Тірі! Әзірше... Келер сәтте ажал арбасы жүрісін жеделдете, қиғаш тартып, көзден ғайып болды ... Ғабен тек кешке қарай ғана жантәсілім етіпті деп естідім. Суық сұр үйде. Жалғыз өзі. Жат қолында» [9, 122], бұнда жазушы жедел жәрдем көлігіне «ажал арбасы» деп символдық атау берсе, соңғы сөйлемдегі «Жат қолында» сөз тіркесі арқылы Ғ. Мүсіреповтың өз шығармасын еске түсіріп, ремисценцияны қолданып тұр. Екінші

әңгімесінде авторға жазушы І. Есенберлиннің «тірі-елесі» маза бермейді, қайта-қайта түсіне кіреді, ал қаламгер оны қанша жақсы көрсе де, оны бетпе-бет көргісі келмейді, тіпті, жазушы түс пен өңді шатастырып алады. Бұл сюрреалистік элемент, өйткені бұл саланың өкілдері үшін «өмірдің өзі түс». Оқиғаның шарықтау шегі қазақтың танымындағы түс жору ырымына байланысты. Бірақ қаламгер өзінің көргені әдепкі түс емес, болмыс деген шешімге келеді. Мұнда да «өлмейтін, өшпейтін мәңгілік рух» [9, 126] туралы айтқысы келеді. Триптихтің соңғысы оқырманды қалың ойға шомуға мәжбүр етеді, өйткені қазақтың танымындағы зират пен славяндардың кладбищесінің айырмашылығы жермен көктей екенін тілге тиек етеді, «ескі жұртта» жамандық атауы жүрмейді, аруақ қорғайтын болса, «ғайри зират» барлық жын-пері мен жезтырнақтардың мекені, бұнда жерленген адамдар ашу мен ызаға толы бар зұлымдықтың жиынтығына айналады. Жазушының өзі үрейленіп, өзін жайсыз сезінгенін бізге жеткізеді. Бұл шығармада көп зеттеушілердің назарында болған А. Ахматованың «Аза жыры» да талданады. М. Мағауин бұл шығарма туралы былай дейді: «Жазды. Сұмдықтың сыртқы бейнесін. Ішкі көрінісін. Қайғы-зары. Үрей-қорқынышын. ... Тұтас бір заманның жоқтау жырын» [9, 135-136]. Бұл шығарма арқылы тек қазақтар ғана емес, орыстар да өз ұлтының көсемдерінен жапа шеккенін, үлкен пензура мен қуғындалудың астында қалғандығын ашып көрсетеді.

Неміс ғалымы Э. Нойман «Искусство и время» атты зерттеу еңбегінде көлеңкені «қараңғылық», «жауыздық» сияқты түсініктермен қатар қойып, адам бойында үрей туғызатын құбылыс ретінде сипаттайды және әлемде Хаос орнаған кезде адамды жалмайтын қараңғылықты Сайтан архетипі [11, 155] ретінде қарастырады. Осы орайда, М. Мағауиннің «Қуыршақ» атты туындысы еске түседі, шығарма мистикалық, мифологиялық сюжетке құрылған, Құрманның бар тұла бойын жаулап алған жалынды махаббат пен мәңгілік үрей, ол үшін Қуыршақ қыз қараңғылықтан жаралған бүкіл күш-қуатын тартып алатын вампир іспеттес, түнектен жаралған Әзірейіл образындағы адам, ол Көлеңке архетипінің рөлін атқарып тұр. Туындыны оқып отырып, Қуыршақ қыз мүмкін албасты ма, әлде сайтанның сапалағы ма, әлде пері ме деген ой келеді, өйткені жүрген жері тылсым, іс-әрекеті де оқыс, құпияға толы, әр оқырманның бойында шығарманы оқу барысында қорқыныш сезімі пайда болатыны сөзсіз. Жазушы бұл шығармада африка халықтарының магиялық құралы Вуду қуыршағын деталь ретінде пайдаланады. Төрте ілініп тұрған қуыршақ Құрманның түсіне кіріп, оның санасын билеп алады. Бұдан қорыққан кейіпкер сыммен қуыршақты орап, өртеп жібереді. Вуду қуыршағы қайта оралып, енді ағасының үйінде тұрады, бұл жолы әбден қорыққан бас кейіпкер ағасының үйінің іргетасын қалап жатқанда қуыршақты қуысқа салып жіберіп, үстінен цемент құйып, мәңгілікке тастар әлеміне жібереді. Сонымен қатар, жазушының оқырманмен шебер ойынын байқаймыз. Мұнда автор өзі кейіпкер рөлін сомдайды да, шығарма соңына қарай айтушыға, яғни нарраторға айналады. Шығарма адамның бойындағы қорқыныш пен үрейдің өмір соңына дейін оның санасын билей алатынын көрсеткендей.

Ендігі кезекте М.Мағауиннің «Оралу» шығармасындағы өлім тақырыбын талдаймыз. Бұл туындыда автор клиникалық өлімді бастан кешеді. Бірақ кейіпкер бойында мына әлемге немесе дүниеге емес, жазылмай қалған шығармаларына деген қимастық сезімі ғана болады. Сюжет бойынша кейіпкер бірден өлмейді, жазушы алдағы уақытта өлімнің болатынын білдіретін бірнеше белгілерді (детальдарды) шебер қолданған, мәселен, ғайыптан, қараңғылықтан пайда болған әлдебір зұлым күш, әлдебір қап-қара қолдардың жазушының алқымынан алуы, аяқ астынан жабысқан жөтел, жазушының қолына түскен Қожа Ахмет Йассауидің кітабы, ондағы барша адамзат жер-анаға оралатыны туралы ойлар. Бұнда да автор кейіпкер рөлінде, әрі нарратордың қызметін атқарып тұр, бірақ өз өмірінің оқиғасын баяндағандықтан, М.Мағауинді «эксPLICITті нарратор» [12, 15] ретінде қабылдауымыз керек.

Шығарманың сюжеті бойынша кейіпкердің өзі өлгенін сезбей қалады, тек ауруы басылып, денесі жеңілдегендей болады да, терең дем алады. Бұл дем – жазушының кеудесінен шыққан соңғы дем еді: «Мүмкін... талықсып жатқан шығармын. Онда неге бәрін

көріп, бәрін сезіп тұрмын. Есім толық, денім түзу. Ендеше... тұру керек, қозғалу керек. Қозғалдым. Мен. Ал Ол... аяқ-қолы көсіліп, қимылсыз, тілсіз сұлық жатыр. Мен қозғалам, Ол қимылсыз. Өлгенімді – Жаным мен Тәнім айрылғанын сонда ғана ұқтым. Мен өліппін. Кенеттен. Болжаусыз өлім маған да жетіпті» [9, 216]. Бұдан кейін «жанның» немесе «руһтың» саяхаты басталады. Ең алғашқы аялдама – өзі туып өскен мекен Шыңғыстау. Кейіпкер бейнебір балалық шағына қайтып келгендей болады, баяғыда қайтыс болған атасы мен әжесі тірі екен. Баяғыдай әркім өз шаруасымен айналысып отыр. Мүмкін бұл параллель өмір, мүмкін кейіпкердің сандырағы, мүмкін түс, бұл шығармада сюрреализмнің элементтері көптеп кездеседі. Одан арғы балалары мен немерелеріне деген сапарында кішкене Байдар атасының аруағын көргендей болады, қалғандары да аталарын іздей бастайды, жалпы бұл таң қалатын құбылыс емес, психология ғылымында балалардың мына әлемді басқаша призмада көретіндігі дәлелденген, сондықтан кішкентай сәбидің атасының жанын сезінуі мүмкін емес деп айта алмаймыз. Сонымен қатар, М. Мағауиннің ұлы диванда жатып, Шопенгауэрдің «Өлім хәм оның біздің бұзылмас болмысымызға қатысы» атты туындысын оқып жатады. Бұл да – үлкен деталь. Өйткені аталмыш туындыда болмыс пен бітім, адам жанының мәңгілігі сияқты тақырыптар қозғалған. Автор бұл шығармамен таныс және оқырманға да ой салады, сондай-ақ, Шопенгауэр арқылы өз ойын бізге жеткізеді. Яғни автор ғалымның мына ойын меңзеп тұрғандай: «бізді өлім және өлімнен кейінгі болатын нәрсе қалай қорқытса, біз дүниеге келмегенге дейінгі, болмағанға дейінгі нәрседен солай қорқуымыз керек, демек бұл – абсурд, өлім – табиғи құбылыс» [13, 33]. М. Мағауиннің де айтпағы сол, ажал айтып келмейді, адам – өз тәніне де, мына дүниеге де қонақ.

Шығармада автор клиникалық өлімді бастан кешетіндіктен, белгілі уақыт аралығында ғана жаны саяхаттай алады. Кейіпкер қайта өз бөлмесіне қайтып келеді, бұнда да тылсым оқиға орын алады, суреттегі Абылай хан тіріліп, жазушыға өз тәніне қайт деген бұйрық береді. Тура 17 минут өткен. Бұдан бір-екі минутқа кешіксе, жаны келмеске кетер еді. Осы сияқты оқиғаларды зерттеген американдық ғалым Раймонд Моудидің «Өлімнен кейінгі өмір» атты кітабында адамзаттың ажал туралы түсінігіне үлкен соққы бергені анық. Сол зерттеу еңбегінде ажалдың аузында жатқан адам жанының саяхаттары сипатталады, өлімнен кейінгі өмірдің бар екенін де дәлелдегендей болды. Науқастар 14-15 минутқа ғана өлі күйінде болса да, сол уақытты 2-3 сағаттай сезеді. М.Мағауиннің шығармасында да сол деталь байқалады: «Енді айрылысар сәт туды. Кетуім керек. Тым көп аялдадым. Бәлкім, екі сағат. Бәлкім, үш сағат... Оның қасында, жер төсектің бас жағы, кілем үстінде жатқан, күміс баулы қалта сағатқа – бетіне Абайдың суреті салынған, «150 жыл» деген жазуы бар, мерекелік қалта сағатқа көзім түсті. Түнгі екіден жиырма тоғыз минут кетіпті. Мана, мен алғаш көргенде ... екі де он бес болатын. Сонда ... мен өлгеннен бері он төрт минут өткені. Қуанып кеттім. Жүріс шұғыл, ана жаққа да, мына жаққа да барыс, қайтыс жедел болды. Өлі үш минутым бар. Жаңа өлшемде өте көп уақыт» [9, 229]. Демек мұндағы өлімнің уақыт және кеңістік деген категорияларға әсер еткенін байқаймыз және соған тоқталып өтеміз. М. Мағауин өз шығармасында уақыт және кеңістікті ұтымды қолданып тұр, мұндағы үй, атамекен, Чехия кеңістік рөлін атқарса, түн, минут уақыт қызметінде тұр, кеңістіктегі саяхат арқылы жазушы бір шешімге келеді, бәрін ой елегінен өткізеді, Бахтин бойынша, түн – «мистериялық уақыт» пен оқиға болып жатқан кеңістік, яғни үй «табалдырық хронотопы» [14, 238] қызметін атқарады, өйткені барлық оқиға осы жерден бастау алды, жазушы табалдырықты аттаған сәттен-ақ өлім мен өмірдің шекарасынан өтіп, басқа бір параллель уақыт пен кеңістікке жол тартты. Біздің ойымызша, қаламгер бұл шығарма арқылы бір жағы адам маңдайына жазғаннан құтыла алмайды, дәм-тұзы таусылған уақытта ажал құшатынын айтқысы келсе, екінші жағынан әрбір жанның өзінің өмірлік миссиясы бар екенін және сол миссия орындалмай адам мәңгілік сапарға аттанбайтынын айтпақ болған.

Біз білетініміздей, сюжет – синтагматикалық ұғым [15, 378]. Демек уақытқа тікелей тәуелді. Сондықтан уақыттың циклдік және сызықтық типіне сәйкес келетін оқиғалардың екі типологиялық формасымен тікелей ұшырасамыз. Мәселен белгілі кейіпкердің өлімі сызықтық сюжетті тоқтатып, автордың оқшау эпизодтарды, лирикалық шегініс

немесе басқа сызықтық емес әңгімелеу әдістерін қолдануға мәжбүр етуі мүмкін немесе өлімнің өзі сюжеттің негізгі элементі, терең мағыналарды ашатын және шығарманы кульминацияға алып келетін әрекет қозғалтқышы бола алады. Осындай амал-тәсілді М. Мағауин «Травеннің әңгімесі» шығармасында пайдаланады. Бұл туынды аса бір үрей туғызбаса да, ажалдан қашып құтыла алмайтынымызды білдіреді. Мұнда жазушы қыстырынды оқиға қосады, шығарма о бастан Травен туралы емес, жазушының өзі туралы еді. «Ал мынау - тауық. Тұтас салдым. ...Соңда түгел жеп ал » [9, 91], - деген әйелінің сөзінен кейін жазушының есіне Травеннің әңгімесі түседі. Бұл әңгімеде ажал арып ашыған кемпір түрінде, жазушының сипаттамасына сүйенсек, жезтырнаққа ұқсас образда пайда болып, кедейге келеді. Кейіпкерге әйелі тура осындай тұтас тауықты пісіріп береді, сол кедейдің арманы осы тауықты бір өзі жеп қою еді. Бір нұсқасында кемпір бейнесіндегі ажал тауықты толық жеп қояды да, кедейге бай өмір сыйлайды, бірақ соңында бәрібір ажалмен ұшырасады, екіншісінде шал үйіне қайтпайды. Бір қызығы осындай қорқынышты кемпір жазушының сапарында кездеседі. Ол былай сипатталады: «Басы жалбыр, шашы білте-білте, мұрны қолағаштай ұзын, иегі үшкіл, аузы үлкең, ерні қып-қызыл, ал шүңірек көздері оттай жайнайды. ... Кім біледі, жын ба, шайтан ба» [9, 93]. Бұл үзінді арқылы бір тылсыммен бетпе-бет келгендігін айтып тұр, тіпті ол тылсым одан тауықты сұрамады, беруін бұйырды, жазушы өз еркінен тыс тауығын бөліп береді, таңға жақындаған уақытта тылсым ғайып болады, одан кейін жазушыны ішкі ойлар мазалады. Келесі бір сапарында да сондай жезтырнақ кезігеді, бірақ бұл жолы жазушы тауықты тұтастай жеуді мақсат тұтты және өз дегенін істеді. Бұл шығармадағы «тұтас тауық» бір жағынан адамның арманына беріктігінің белгісі болса, бір жағынан ашкөздігінің символы. Қаламгердің бұл туындысында кездесетін мифологиялық элементтер туындының мәнін ашып тұрса, бір жағы үрей туғызатын кемпір арқылы «ажал» образын заттандырып тұр, жазушы бұл тұста «неомифтік» [16, 16] элементті пайдаланған.

Нәтижелер. Біздің білетініміздей, әр ұлт өлімді әрқилы образда елестеді, ежелгі грек мифологиясында жер астынан келетін Танатос, Харон, славян халықтарында өлім-періштесі болмаса Архангел, түркі халықтарында әзірейіл, Еуропа халықтарында қолында орағы бар бетінде еш эмоциясы жоқ жаңдарал немесе Люцифер кейпінде беріледі, мұны біз өлімді «тұлғаландыру» (персонификация) [17, 38] деп атаймыз. Сондай-ақ, бұндағы өлімнің варианттылығы (кедейдің өлімі) кездеседі, сонымен қатар, бәріміздің ғайыптан пайда болған, бірақ ешкім көрмеген «кемпірден», яғни өлімнен қашып құтыла алмайтынымызды білдіреді.

Жазушының әрбір туындысында өлім элементі кездеседі, мәселен «Қос ағаш» шығармасында адамның өлімі емес ағаштың «өлімі» сипатталады. Қаламгер адамдардың, оның ішінде қазақтардың ашкөздігінің, пайдақұмарлығының және тарихын ұмытқандығының, өз тамырына балта шапқандығының символы ретінде ағаштың өртенуін, мәңгілік «өлім» құшқанын алып отыр.

Сонымен қатар, М. Мағауиннің «Әйел махаббаты» туындысын атап өтуіміз қажет. Бұл шығарма арқылы махаббатың қадірін кеш түсінетініміз, қолда бар да алтынның қадірі жоқ екендігін түсінеміз, сондай-ақ, туынды қоғамдағы үлкен тақырыпты қозғайды. Мұндағы кейіпкерлер ахтетиптік рөлдерде ойнайды, яғни автор Зия арқылы адамның санасы мен махаббаты арасындағы ішкі тартысты көрсетсе, жындыханада өлім құшқан Төлеген сияқты трагедиялық кейіпкерді сомдау арқылы шығармашылық пен махаббат арасында таласқа түскен тағдырды бейнелесе, Арыстанды реалист адам ретінде сипаттап, махаббаты тұрақтылыққа айырбастаған кейіпкер ретінде суреттейді. Жазушы адамдардың естеліктеріне лирикалық шегініс жасау арқылы өткенге сағынышты оятып, шығарманың драматизмін ұлғайта түскен.

Қорытынды. Зерттеу барысында ең бірінші танапэтиканың мән-жайын ашып көрсетуге тырыстық. А. Ханзен-Леве, Р.Л. Красильников, М. Бахтин, Г. Балтабаева сияқты ғалымдардың іргелі еңбектеріне сүйене отырып, М.Мағауин прозасының танатопэтикасына, туындыларындағы танатологиялық мотивтердің қолданысына баса

назар аударылды. Жазушының «Қыпшақ аруы», «Өлі мен тірі», «Елес», «Ақыр-дүние», «Оралу», «Қуыршақ», «Травеннің әңгімесі», «Қос ағаш», «Әйел махаббаты» шығармалары жан-жақты талданып, біршама ерекшеліктері анықталды.

Ең бірінші талданған «Өлі мен тірі» шығармасында жазушы қазақ танымындағы аруақтың жақындарын қорғап-қолдайтынын байқасақ, одан кейінгі «Қыпшақ аруы» туындысында мифтік сюжет пен фантастикалық хронотопты қолданғанын, «Елес» атты туындысының негізгі идеясы ретінде адам жанының күйзеліске түсуін қарастырса, мұнда да «аруақ» пен «елес» негізгі деталь қызметін атқарып тұр. «Ақыр-дүние» аты триптихында үш түрлі оқиға арқылы оқырманды бір ойға ұштастырғанын байқадық, қаншалықты халыққа белгілі азамат болса, ақыр соңында ажал құшатыны ақиқат. Автор «Оралу» шығармасында табалдырық хронотопы қолданған және негізгі идея ретінде адамның дәм-тұзы таусылған уақыт та ғана ажал құшатынын айтпақ болған. «Қуыршақ» пен «Травеннің әңгімесі» туындыларында мистикалық сюжет пен мифологиялық элементтерді пайдалану арқылы шығармадағы танатологиялық мотивтің мақсаты мен міндеті айқындалды және екі әңгімедегі өлімнің тұлғаланғанын, яғни образ қалыптастырғанын байқай аламыз. Сондай-ақ,

М.Мағауин «Қос ағаш» туындысындағы ағаштың өлімі арқылы қазақ халқының рухын оятқысы келген, ал «Әйел махаббаты» туындысында әрбір адамның өмірінде өкініш болатынын, өмірдің өзі трагедияға толы екендігін, баянсыз махаббатың өзі бақыт екендігін оқырманға жеткізген.

Сонымен қатар, М.Мағауин шығармашылығында табалдырық және фантастикалық хронотопты, мистериялық уақытты, сюрреализмнің негізгі элементін, яғни түс көруді қолданғанын, эксплицитті және имплицитті нарратордың рөлін атқарғанын анықтадық.

Мұхтар Мағауин прозасындағы танатопэтиканың негізі көркем мәтіндегі өлімнің идеялық, тақырыптық, сюжеттік, композициялық, образдық деңгейлерде жан-жақты суреттелуінде. Зерттеудің негізгі объектісі ретінде алынған жазушы шығармаларында адам өмірінің осалдығының нәтижесінде үрей мен қорқыныш сияқты сезімдердің сананы билеуі, бас кейіпкер жақынының өлімін көтере алмай күйзеліске түсіп, шизофрениямен ауыруы, қазақ танымындағы өлімнің басқа халықтардан айырмашылығы сияқты танатологиялық мотивтердің қолданысы анықталды.

Әдебиеттер

1. Балтабаева Г.С. Қазақ әдебиетіндегі виртуалдық проза: оқу құралы. – Алматы: Дәстүр, 2021. – 288 б.
2. Hansen-Love A. A.Mandel'schtam's Thanatopoetics // Reading in Russian Modernism. – М.: Nauka, 1993. – P. 121-122.
3. Красильников Р.Л. Образ смерти в литературном произведении: модели и уровни анализа: монография. – Вологда: ГУК ИАЦК, 2007. – 140 с.
4. Карл Густав Ю. Душа и смерть. – М.: Когито-Центр, 2008. – С. 451- 463.
5. Мағауин М. Өлі мен тірі. URL: <https://madeniportal.kz/article/8059>
6. Лотман Ю.М. Избранные статьи в трех томах. Том I. Статьи по семиотике и топологии культуры. – Эстония: Александра, 1992. – 242 с.
7. Мағауин М. Қыпшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2020. – 256 б.
8. Тартт Д. Щегол: роман. /Донна Тартт пер. с английского А.Завозовой. – М.: АСТ: CORPUS, 2015. – 832 с.
9. Мағауин М. Табының өлімі. Хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 256 б.
10. Женетт Ж. Работы по поэтике. Фокализации. URL: <http://niv.ru/doc/zhenett-raboty-po-poetike/fokalizacii.htm> .
11. Нойманн Э. Искусство и время. – М.: REFL-book: Ваклер, 1998. – С. 153- 195.
12. Маслов Е.С. Что такое нарратив? / Е.С.Маслов. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2020. – 116 с.

13. Шопенгауэр А. Смерть и ее отношение к неразрушимости нашего существа. – М.: Наука, 1993. – 80 с.
14. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Худож. лит., 1975. – С. 234-407.
15. Yury M. Lotman. The Text within the Text // PMLA, Volume 109, Issue 3, May 1994, – P. 377 - 384. DOI: <https://doi.org/10.2307/463074>
16. Zharylgapov Zh.Zh., Syzdykova B.E., Kaiyrbekova A.K., Babashov A.M., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, São Paulo, 18 (4): e63680e, Oct./Dec. 2023. – P. 1-22. DOI: <http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
17. Минькова Н.В. Персонализация смерти как тактика борьбы с врагом // Грамота, 2010. № 2 (33): в 2-х ч. Ч. I. – С. 38-39.

А.Қ. ҚАЙЫРБЕКОВА, С.У. ТАКИРОВ, К.А. ТОЛЕУБАЕВА

Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова,
Караганда, Казахстан

ТАНАТОПОЭТИКА ПРОЗЫ М. МАГАУИНА

Аннотация. Статья посвящена изучению танатопоетики, важнейшему разделу художественной танатологии и рассмотрению роли термина в мировой литературе, тенденции проникновения в казахскую литературу. Акцент делается на понятиях экзистенциализм, танатологический мотив. Рецензируя работы ученых, внесших свой вклад в изучение танатологии (А. Ханзен-Леве, Р.Л. Красильников, М. Бахтин, Г.Балтабаева и др.), подтверждается актуальность темы смерти в казахской литературе.

Целью данного исследования является изучение и описание художественной роли танатологии в прозе Мухтара Магауина, дифференциация сферы применения категории смерти в его произведениях. Танатологические мотивы в произведениях писателя, взятые в качестве основного объекта статьи, рассматриваются не только на уровне идейно-тематического, изобразительного средства художественного текста, но и исследуется его функция как сюжетобразующего элемента, выявляется связь с термином хронотоп и нарративные особенности в произведениях. Кроме того, в статье дается обзор мифических сюжетов и архетипов, которые легли в основу произведений писателя, проводится глубокий анализ места мифологических образов в произведении, танатопоетики в произведениях писателя.

В статье изучен вклад М. Магауина в расширение границ современной казахстанской прозы.

Ключевые слова: смерть, танатология, танатопоетика, хронотоп, экзистенциализм, сюжет, нарратив, архетип.

A.K. KAIYRBEKOVA, S.U. TAKIROV, K.A. TOLEUBAEVA

Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

THE THANATOPOETICS OF M. MAGAUIN'S PROSE

Annotation. The article is devoted to the study of thanatopoetics, the most important section of artistic thanatology and the consideration of the role of the term in world literature, the trend of penetration into Kazakh literature. In addition, the emphasis is on the concepts of existentialism, thanatological motive. Reviewing the works of scientists who have contributed to the study of thanatology (A. Hansen-Levet, R. L. Krasilnikov, M. Bakhtin, G. Baltabayeva, and others), the relevance of the topic of death in Kazakh literature is confirmed.

The purpose of this study is to study and describe the artistic role of thanatology in the prose of Mukhtar Magauin, to differentiate the scope of the category of death in his works. The thanatological motifs in the writer's works, taken as the main object of the article, are considered not only at the level of an ideological, thematic, pictorial means of a literary text, but also its function as a plot-forming

element is investigated, the connection with the term chronotope and narrative features in the works are revealed. In addition, the article provides an overview of the mythical plots and archetypes that formed the basis of the writer's works, provides an in-depth analysis of the place of mythological images in the work, thanatopoetics in the writer's works.

The article will also examine the contribution of M. Magauin to the expansion of the boundaries of modern Kazakh prose.

Keywords: death, thanatology, thanatopoetics, chronotope, existentialism, plot, narrative, archetype.

References

1. Baltabaeva G.S. Qazaq әдебиетіндегі virtualdyq proza: oqu qūraly. – Almaty: Dāstūr, 2021. – 288 b.
2. Hansen-Love A. A.Mandel'schtam's Thanatopoetics // Reading in Russian Modernism. – M.: Nauka, 1993. – P. 121- 122.
3. Krasil'nikov R.L. Obraz smerti v literaturnom proizvedenii: modeli i urovni analiza: monografiya [Tekst]. – Vologda: GUK IACzK, 2007. – 140 s.
4. Karl Gustav Yu. Dusha i smert' [Tekst]. – M.: Kogito-Centr, 2008. – S. 451-463.
5. Mağauin M. Öli men tırı. URL: <https://madeniportal.kz/article/8059>
6. Lotman Yu.M. Izbranny'e stat'i v trex tomax. Tom I. Stat'i po semiotike i topologii kul'tury'. – E'stoniya: Aleksandra, 1992. – 242 s.
7. Mağauin M. Qypşaq aruy. – Almaty: Atamūra, 2020. – 256 b.
8. Tartt D. Shhegol: roman. / Donna Tartt per. s anglijskogo A. Zavozovoj. – M.: AST: CORPUS, 2015. – 832 s.
9. Mağauin M. Tazynyñ ölimi. Hikaiat, äñgimeler. – Almaty: Atamūra, 2004. – 256 b.
10. Zhenett Zh. Raboty` po poe'tike. Fokalizacii. URL: <http://niv.ru/doc/zhenett-raboty-po-poetike/fokalizacii.htm>
11. Nojmann E`. Iskusstvo i vremya. – M.: REFL-book: Vakler, 1998. – S. 153-195.
12. Maslov E.S. Chto takoe narrativ? / E.S. Maslov. – Kazan`: Izd-vo Kazan. un-ta, 2020. – 116 s.
13. Shopengaue'r A. Smert' i ee otnoshenie k nerazrushimosti nashego sushhestva. – M.: Nauka, 1993. – 80 s.
14. Baxtin M. M. Voprosy` literatury` i e'stetiki. – M.: Xudozh. lit., 1975. – S. 234-407.
15. Yury M. Lotman. The Text within the Text // PMLA, Volume 109, Issue 3, May 1994, – P. 377-384. DOI: <https://doi.org/10.2307/463074>
16. Zharylgapov Zh.Zh., Syzdykova B.E., Kaiyrbekova A.K., Babashov A.M., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, São Paulo, 18 (4): e63680e, Oct./Dec. 2023. – P. 1-22. DOI: <http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
17. Min`kova N.V. Personifiaciya smerti kak taktika bor'by` s vragom // Gramota, 2010. № 2 (33): v 2-x ch. Ch. I. – C. 38-39.

Авторлар туралы мәлімет:

Қайырбекова Аида Құрманғазықызы – Академик Е.А. Бөкетов Қарағанды университетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан

Қайырбекова Аида Құрманғазықызы – докторант Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Kaiyrbekova Aida Kurmangazyevna – doctoral student on the Karaganda University named after academician E.A. Buketov, Kaaganda, Kazakhstan.

Такиров Саржан Уахитұлы – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қарағанды, Қазақстан.

Такиров Саржан Уахитович – ассоциированный профессор Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат филологических наук, Караганда, Республика Казахстан.

Takirov Sarzhan Uatkhanovich – Associate Professor of Karaganda University named after academician E.A. Buketov, candidate of Philological Sciences, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Толеубаева Камшат Аманбайқызы – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қарағанды, Қазақстан Республикасы,

Толеубаева Камшат Аманбаевна – профессор Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат филологических наук, Караганда, Республика Казахстан,

Toleubaeva Kamshat Amanbaevna – professor of Karaganda University named after academician E. A. Buketov, candidate of philological sciences, Karaganda, Republic of Kazakhstan,